

## Қазақстан Республикасында салық төлеушілерді тіркеу жүйесі туралы Ереже

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1998 жылғы 15 шілдедегі N 326 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 7 тамызда N 569 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 401 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

*1. Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1998 жылғы 7 тамызда N 569 болып тіркелген, "Қазақстан Республикасында салық төлеушілерді тіркеу жүйесі туралы ереже" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1998 жылғы 15 шілдедегі N 326 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.*

*Министрдің м.а.*

---

Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235\_ Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы салық төлеушілерді сәйкестендіруді қамтамасыз ету үшін б ұ й ы р а м ы н :

1. Қазақстан Республикасындағы Салық төлеушілерді тіркеу жүйесі туралы е р е ж е б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Б.Ш. Тәжияқов) екі апталық мерзімде Қазақстан Республикасындағы салық төлеушілерді тіркеу жүйесі туралы ережені жүзеге асыру жөнінде шаралар әзірлесін және бекітсін.

3. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

ВХ-01Ю-94, ВХ-01Ф-94, ВХ-02Ю-94, ВХ-02Ф-94, Вых-01Ю-94 және Вых-01Ф-94 н ы с а н д а р ы ;

1993 жылғы 24 желтоқсандағы N 11 салық тіркеу нысанын (N ВХ-01Ф-94) толтыру жөніндегі жеке тұлғаларға көмекші нұсқау;

1993 жылғы 24 желтоқсандағы N 12 салық тіркеу нысанын (N ВХ-01Ю-94) толтыру жөніндегі заңды тұлғаларға көмекші нұсқау;

1993 жылғы 24 желтоқсандағы N 13 "Салық төлеушіні тіркеу және оған тіркелу нөмірін беру тәртібі туралы (СТТН)" нұсқаулығы;

1993 жылғы 24 желтоқсандағы салық инспекцияларында салық төлеушінің

тіркеу нөмірін (СТТН) күшіне енгізу жоспары.

4. Осы бұйрықты орындауға бақылау жасау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетінің төрағасына (Б.Ш.Тәжияқовқа) жүктелсін.

*Бірінші Вице-Министр*

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Z952235\_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес әзірленді.

## **1. Негізгі ережелер**

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің бөлімшелерінде салық төлеушінің тіркеу нөмірін (СТТН) берудің біртұтас жүйесін қамтамасыз етуге, салық төлеушілер туралы деректердің ұлттық базасын жасауға, қаржы, сот, құқық қорғау, кеден органдарымен, нотариалдық кеңселермен, банктермен және құқықтық мәмілелер мен қаржылық операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа да ұйымдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге арналған.

Әрбір салық төлеушіні бір тұрақты нөмір арқылы сәйкестендіру салық қызметінің компьютерлік жүйесін жасаудың негізгі шарты болып табылады.

### 1.2. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі:

Салық төлеушілердің есебін жүйелендіруге және тәртіптеуге;

Деректерді компьютерлік өңдеуді қамтамасыз етуге;

Салық төлеушілердің заңдарды сақтау жөніндегі ақпаратын тоғыспалы т е к с е р у д і жү р г і з у ;

Салық органдарының арасында жедел ақпараттар алмасуды қамтамасыз етуге ;

Салықтарды, алымдарды және мемлекет алдындағы өзге қаржылық міндеттемелерді толық жинауды қамтамасыз етуге;

Салық төлеушілер туралы уақтылы жедел ақпаратты алуға арналған.

### 1.3. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

СТТН - салық органының мемлекет алдында салықтық және өзге де қаржылық міндеттемелері бар заңды немесе жеке тұлғаға берілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

Төлеуші - заңды немесе жеке тұлға;

Алушы - аумағында салық салудың объектісі орналасқан салық органы;

Тіркеуші - салық төлеушіні есепке алу және тіркеу үшін материалдар даярлаумен айналысатын салық комитеттері.

Тіркеу орталығы - СТТН беруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті.

### 1.4. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі (бұдан әрі - СТТН) "Әкімшілік-аумақтық

органдарды білдіретін жүйе" (ӘАОБЖ) жалпы сыныптаушының облыстар кодтарын және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жүйесінде қабылданған облыстар аудандарының кодтарын ескере отырып беріледі.

ӘАОБЖ жалпы сыныптаушы облыстар кодтары және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жүйесінде қабылданған облыс аудандарының кодтары өзгерген кезде облыстық және аудандық салық комитеттері облыс пен ауданның жаңа кодтарын пайдалана отырып өздеріне жаңадан СТТН береді. Бұл ретте заңды және жеке тұлғаға берілген СТТН өзгеріссіз қалады.

1.5. Салық төлеушіге СТТН оны бастапқы тіркеу кезінде бір рет беріледі, бұл Қазақстан Республикасының аумағында барлық салықтық және қаржылық міндеттемелер бойынша пайдаланылады, және де ол таратылғанға дейін өзгеріссіз қалады.

Салық комитеті төлеушіге жіберілетін оның салықтық және қаржы міндеттемелеріне қатысы бар барлық хабарламаларында (салық декларацияларында, есеп айыру және басқа да құжаттарда) салық төлеушінің СТТН көрсетіледі.

1.6. Төлеуші басқа салық комитетіне қатысты салық міндеттемелері пайда болған кезде Алушының төлем құжаттарының шетіне өздеріне байланысты салық міндеттемелері пайда болған салық органының СТТН көрсетеді.

1.7. Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер және басқа да ұйымдар:

- салық төлеушіге банк шоттарын ашқан кезде салық органдарына хабарлаған оның тіркеу нөмірін ескеруге, соңғыларды 10 банктік күн ішінде салық төлеушіге аталған шоттардың ашылғаны туралы хабарлауға және төлем құжаттарында СТТН қойылмаған шоттар бойынша операциялар жүргізбеуге;

- төлем құжаттарын өндеген кезде осы Ереженің екінші бөліміне сәйкес СТТН бақылауға міндетті.

1.8. Қазақстан Республикасының аумағында табыс алатын шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар СТТН бойынша басқа мемлекеттердің азаматтары ретінде есепке алынуы және Қазақстан Республикасында тұрғылықты жеріндегі (оның ішінде уақытша) салық органына тіркелуі тиіс және салық міндеттемелері туындаған кезде төлем құжаттарында олардың салықтық және қаржы міндеттемелері пайда болған аумақтағы салық органының СТТН көрсетеді.

Бұл ретте СТТН алу үшін олар Қазақстан Республикасының аумағында табыс алғанын растайтын құжатты тапсыруға міндетті.

1.9. Мұраға жылжымайтын мүлік алған шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар СТТН бойынша басқа мемлекеттердің азаматтары ретінде есепке алынуы және салық салу объектісі орналасқан жердегі салық органында тіркелуі тиіс.



Соңғы 12 разрядты қоспағанда СТТН әрбір разрядына 1-ден бастап 10-ға дейін салмақ беріледі (яғни салмақтың 10-нан артық мағынасы болмайды). 11-разрядтың 1-ге тең салмағы болады.

1 мысал:

СТТН: 6 0 0 4 0 0 0 0 0 0 9  
Салмақ: 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 1

Әрбір разряд мағынасының оның салмағына көбейтіндісінің сомасы анықталады.

$$S = \sum_{i=1}^{11} a_i * b_i, \text{ мұнда: } a_i - \text{СТТН } i\text{-разрядының мағынасы}$$

$$b_i - \text{СТТН } i\text{-разрядының салмағы}$$

Алынған сома 11-ге бөлінеді және тұтас бөлігі бөлініп көрсетіледі.

$$C = S / 11$$

- Көбейтінділер сомасымен 11 модул бойынша осы сомаға тұтас сандық кіру арасындағы айырма анықталады.

$$K = S - C * 11$$

- Егер алынған айырма 10-нан кем болса, ол бақылау разрядының мәні болып табылады. Егер бірінші өтуден кейін бақылау саны 10-нан артық немесе тең алынған болса, есептеу қайталанады, бірақ әрбір разрядқа 2-ден бастап салмақ беріледі. Үшінші өту үшін тиісінше 3-тен бастап және т.б. салмақ беріледі. Егер есептеуді қайталаудың 10 циклынан кейін нәтиже ылғи да 10-нан артық немесе тең мәнге ие болса, онда СТТН үшін осы сан алынып тасталады.

2 мысал:

60050000742Б СТТН үшін бақылау разрядын есептеу

СТТН: 6 0 0 5 0 0 0 0 7 4 2  
Салмақ: 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 1

$$S_1 = 6*1 + 0*2 + 0*3 + 5*4 + 0*5 + 0*6 + 0*7 + 0*8 + 7*9 + 4*10 + 2*1 = 131$$

$$C_1 = 131 / 11 = 11$$

$$K_1 = 131 - 11 * 11 = 10$$

СТТН: 6 0 0 5 0 0 0 0 7 4 2  
Салмақ: 2 3 4 5 6 7 8 9 10 1 2

$$S_2 = 6*2 + 5*5 + 7*10 + 4*1 + 2*2 = 115$$

$$C_2 = 115 / 11 = 10$$

$$K_2 = 115 - 10 * 11 = 5$$

СТТН: 600500007425

3 м ы с а л :

6004000000Б СТТН үшін бақылау разрядын есептеу

СТТН: 6 0 0 4 0 0 0 0 0 0 9

Салмақ: 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 1

$$S = 6*1+0*2+0*3+4*4+0*5+0*6+0*7+0*8+0*9+0*10+9*1=31$$

$$C = 31 / 11 = 2$$

$$K = 31 - 2 * 11 = 9$$

СТТН: 600400000099

### 3. Салық төлеушіні есепке қою тәртібі

3.1. Кәсіпкерлік қызметтің субъектілері ретінде тіркелген заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі органдарында мөр дайындауға рұқсат алғанға дейін мемлекеттік тіркелу (құрылу) күнінен бастап 10 күн ішінде, басқа салық төлеушілер - салықтық және қаржылық міндеттемелер пайда болған жағдайда 10 күн ішінде Тіркемешіге тіркеу нөмірі үшін өтініш беруге міндетті.

3.2. Есепке қою кезінде операцияның түрін: оларды толтыру жөніндегі басшылыққа сәйкес "Бастапқы тіркеу" (N 2 қосымша және N 4 қосымша) көрсете отырып заңды тұлға N ВХ-01Ю-98 (N 1 қосымша), жеке тұлға - N ВХ-01Ф-98 (N 3 қосымша) толтырады.

Тіркеу нысанын қабылдау үшін нысанда көзделген толтырылатын реквизиттерден басқа мынадай құжаттар қажет:

а) заңды тұлғалар мен олардың окшауланған құрылымдық бөлімшелері (филиалдар, өкілдіктер) үшін:

Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте куәландырылған құрылтай құжаттың көшірмесі (құрылымдық бөлімше үшін - Е р е ж е ) ;

мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын уәкілетті орган берген белгілеген нысандағы құжаттың көшірмесі;

статистикалық орган берген құжаттың көшірмесі (N 1 нысанның статистикалық карточкасы).

б) жеке тұлғалар үшін:

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі (заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар үшін).

Аталған құжаттарды СТТН бастапқы берген кезде төлеуші табыс етеді.

3.3. Тіркеуші ұсынылған деректерге сай СТТН беру үшін материалдарды (деректерді) даярлайды және Тіркеу Орталығына электрондық байланыс арқылы тіркеу нысанын және СТТН беруге қажетті Төлеуші туралы деректі табыс етеді.

3.4. Тіркеу Орталығы тіркеу нысанын тексереді және Тіркеушіге СТТН

берілгені туралы хабарлай отырып СТТН береді. Тіркеуде ауытқулар пайда болған жағдайда Тіркеу Орталығы Тіркеушіге ауытқулардың себебін хабарлайды .

3.5. Тіркеуші СТТН берілгеннен кейін Төлеушіге есепке алудың тіркеу карточкасын ашады және мұнда берілу фактісін белгілейді. Бұл ретте Тіркеуші тіркелген күннен бастап 3 күн ішінде оған салық органы басшысының қолы және мөрімен куәландырылған заңды тұлғалар үшін N ВХ-01Ю-98 (N 5 қосымша) нысаны бойынша және жеке тұлғалар үшін ВХ-01Ф-98 (N 6 қосымша) нысаны бойынша тіркеу туралы растама жібереді.

3.6. Төлеушінің тіркеу нысандары және тиісті құжаттарының көшірмелері заңды және жеке тұлғалардың тіркелген жеріндегі салық органында сақталады.

Салық органы заңды тұлғаның оқшауланған құрылымдық бөлімшелерін ( филиалдар мен өкілдіктерін) есепке қойған кезде тіркеу нысанының тиісті шетінде бас кәсіпорынның СТТН көрсетіледі.

#### **4. Салық төлеушінің тіркеу нөмірлерін есепке алу тәртібі**

4.1. Төлеушінің тіркеу деректері (атауы, меншік нысаны, заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны, қызмет түрі және т.б.) өзгерген кезде СТТН өзгермейді .

Төлеуші тіркеу нысанының реквизиттері өзгерген кезде 10 күн ішінде Тіркеушіге операцияның түрін: "Тіркеу деректерін өзгертуді көрсете отырып заңды тұлға үшін N ВХ-01Ю-98 (N 1-қосымша), жеке тұлға үшін N ВХ-01Ф-98 (N 3-қосымша) тіркеу нысанын беруге міндетті. Бұл ретте осы өзгерістерді растайтын құжаттардың көшірмесі қажет.

4.2. Төлеуші офистің орналасқан жерін (мекен-жайын) немесе тұрғылықты жерін ауыстырған және салықтық және қаржылық міндеттемелерін басқа салық органына берген жағдайда Төлеуші 10 күндік мерзімде өзі тұрған Тіркеушіден есептен шығуға, және де офис орналасқан немесе тұратын жаңа жерде есепке тұруға міндетті .

Бұл ретте заңды тұлға операция түрі: "Тіркеу деректерінің өзгеруін" көрсете отырып N ВХ-02Ю-98 (N 8-қосымша) нысан бойынша және N ВХ-01Ю-98 (N 1-қосымша) тіркеу нысаны, жеке тұлға - N ВХ-01Ф-98 (N 3-қосымша) тіркеу нысаны бойынша өтініш беруге міндетті.

Тіркеуші берілген өтініш және тіркеу нысаны негізінде Төлеушіге 10 күн ішінде заңды тұлға үшін N ВХ-02Ю-98 (N 8 қосымша), жеке тұлға үшін N ВХ-02Ф-98 (N 9 қосымша) нысаны бойынша нұсқау береді.

4.3. Салық төлеуші көшіп келген жердегі Тіркеуші оны оған бұрын берілген тіркеу нөмірімен есепке қояды және тіркеу туралы растама, нұсқау, есептен шыққан сәттегі салыстыру актісі және дербес шоттардың көшірмесі негізінде

төлемдерді есепке алуды одан әрі жалғастырады.

4.4. Заңды тұлға қосылған немесе бөлінген жағдайда әрбір салық төлеуші 10 күндік мерзім ішінде операциялардың тиісті түрін көрсете отырып, N ВХ-02Ю-98 (N 7 қосымша) нысан бойынша бөлек өтініш береді. Жаңадан құрылған заңды тұлғалар жалпы белгіленген тәртіппен есепке тұрады және операцияның түрін: "Бастапқы тіркеу" көрсете отырып N ВХ-01Ю-98 (N 1 қосымша) тіркеу нысанын т о л т ы р а д ы .

4.5. Салық төлеуші Қазақстан Республикасының тысқары жерге көшкен, болмаса заңды тұлға таратылған немесе банкротқа ұшыраған, болмаса жеке тұлға жазатайым мерт болған кезде СТТН 5 жыл бойы өзгеріссіз қалады.

4.6. Тіркеуші тіркеу деректерінің және тіркеу нысаны реквизиттерінің барлық өзгерістерін тіркеу орталығына хабарлауға міндетті.

## **5. Салық төлеушіге тіркеу нөмірі берілген кездегі жауапкершілік**

5.1. Салық төлеуші салық есебіне қою мерзімін және қолданыстағы заңдарға сәйкес СТТН берілген кезде деректерді дұрыс ұсынуды бұзғаны үшін жауап б е р е д і .

5.2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті СТТН есебін жүргізуге және дұрыс беруге жауап береді.

№ 1 қ о с ы м ш а

ВХ-01Ю-98

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің салық комитеті

**Заңды тұлғаларға арналған**

**салықтық тіркеу нысаны**

О п е р а ц и я н ы ң т ү р і :

01. Бастапқы тіркеу \_\_ 02. Тіркеу деректерінің өзгеруі \_\_ СТТН \_\_\_\_\_  
03. Ұйымның атауы \_\_\_\_\_

Салық төлеушінің орналасқан жері (заңды мекен-жайы);

04. Почта индексі \_\_\_\_\_

05. Облыс/қала \_\_\_\_\_

06. Қала (аудан) \_\_\_\_\_

07. Ауыл (село) \_\_\_\_\_

08. Көшенің аты (шан.) \_\_\_\_\_

09. Үй нөмірі \_\_\_\_\_ 10. Пәтер нөмірі \_\_\_\_\_

Салық төлеушінің іс жүзіндегі мекен-жайы:

11. Почта индексі \_\_\_\_\_

12. Облыс/қала \_\_\_\_\_



13. Қала (аудан) \_\_\_\_\_  
14. Ауыл (село) \_\_\_\_\_  
15. Көшенің аты(шан.) \_\_\_\_\_  
16. Үй нөмірі \_\_\_\_\_ 17. Пәтер нөмірі \_\_\_\_\_  
Салық төлеуші туралы мәліметтер:  
18. Басшы: Тегі \_\_\_\_\_  
Аты \_\_\_\_\_ Жөні \_\_\_\_\_  
Қалааралық код \_\_\_\_\_ Телефон нөмірі \_\_\_\_\_  
19. Бас бухгалтер: Тегі \_\_\_\_\_  
Аты \_\_\_\_\_ Жөні \_\_\_\_\_  
Қалааралық код \_\_\_\_\_ Телефон нөмірі \_\_\_\_\_  
Мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер:  
20. Тіркеуші органның атауы \_\_\_\_\_  
21. Мемтіркелімге N енгізілген \_\_\_\_\_ 22. Тіркелген күні \_\_\_\_\_  
Салық төлеуші туралы басқа да мәліметтер:  
23. Сәйкестендірілген нөмірі (код ОКПО) \_\_\_\_\_  
24. Қызметтің негізгі түрі \_\_\_\_\_ ОКЭД коды \_\_\_\_\_  
25. Заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны \_\_\_\_\_

- 
26. Меншіктің түрі  
Бас кәсіпорын туралы мәліметтер:  
27. Атауы \_\_\_\_\_ СТТН \_\_\_\_\_  
Құрылтайшы туралы мәліметтер:  
28. Атауы (немесе аты-жөні) \_\_\_\_\_  
СТТН \_\_\_\_\_  
Атауы (немесе аты-жөні) \_\_\_\_\_  
СТТН \_\_\_\_\_  
Банк туралы мәліметтер:  
29. Атауы \_\_\_\_\_  
30. Банк коды \_\_\_\_\_ 31. Есеп шоты \_\_\_\_\_  
Ұйымның басшысы \_\_\_\_\_  
(Аты-жөні) (қолы)  
Күні \_\_\_\_\_  
МО Қабылдады \_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_  
(қабылдаған инспектордың аты-жөні) Күні \_\_\_\_\_

N 2 Қосымша

**Заңды тұлғалар үшін N ВХ-01Ю-98 тіркеу нысанын  
толтыру жөнінде нұсқама**

Тіркеу нысаны анық әрі дәл толтырылуы тиіс.

Салық төлеуші толтыруға тиісті нысандардың бөлімдері баспа әріптермен қаламмен толтырылуы тиіс. Толтырылуға көзделген әрбір квадраттың шетіне бір цифр немесе бір әріп қойылатындай болуы қажет, бұл ретте сөздер мен цифр топтарының арасында бос кеңістік сақталуы керек.

Егер қажетті ақпарат жоқ болса немесе анық көрсетілмесе, салық органы дұрыс деректерді енгізуге және (немесе) нысандарды қайта толық толтыруға салық төлеушіге қайтарады.

Тіркеу нысанының шеті нөмірленеді. Бұл нысанды толтыру кезінде шетін ретімен нөмірлеуді ұстаған жөн.

1. "Операцияның түрі" - 01-02 шетін толтырған кезде тиісті шетіне "X" қойылуы қажет. Егер салық төлеуші тіркеу нысанын алғаш рет толтырса, операцияның түрі: "Бастапқы тіркеу" көрсетіледі, егер тіркеу деректері өзгерген жағдайда толтырылатын болса, операция: "Тіркеу деректерінің өзгеруі" көрсетіледі. Бұл жағдайда СТТН шетіне заңды тұлғаның СТТН қойылуы қажет.

2. 03 "Ұйымның атауы" шетіне - мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес заңды тұлғаның толық атауы толтырылады.

3. "Салық төлеушінің орналасқан жері (мекен-жайы)" 04-10 шетін толтыру салық органы мен салық төлеушінің арасында бақылауды жүзеге асыру үшін қажет. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес салық төлеушінің заңды мекен-жайы көрсетіледі.

4. "Салық төлеушінің нағыз мекен-жайы" - 11-ден бастап 17 қоса алғандағы шет заңды мекен-жай бюджетке салықтарды, төлемдерді және мемлекет алдындағы қаржылық міндеттемелерді толық және уақтылы төлеуге жауап беретін тұлғалардың нағыз орналасқан жері болып табылмайтын жағдайда ғана толтырылады.

5. "Салық төлеушілер туралы мәліметтер" - 18-19 шетіне бірінші басшының және бас бухгалтердің тегі, аты-жөні және телефон нөмірлері толтырылады. Қалаларды телефон нөмірі алты мағыналы нөмірлерден тұратындарда бірінші кіші квадратта дефис ("-") қойылады. Мұның өзі телефон жүйелері кеңейетін жағдайларға арналып көзделген. Осыған ұқсас басқа да елді мекендер бойынша телефон нөмірі белгілерінің жалпы саны жеті белгіден тұруы мүмкін деген жерлерде дефистердің осындай саны қойылады.

6. "Мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер" - 20-22 шеті мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес толтырылады.

7. "Салық төлеуші туралы басқа да мәліметтер":

23 "Сәйкестендірілген нөмір" шеті N 1 нысанының статистикалық карточкасының бірінші тармағына сәйкес толтырылады.

24 "Қызмет түрі" шеті N 1 нысанның статистикалық карточкасы "ОКЭД

бойынша код" шетінің "Қызметтің негізгі түрінің" 15 тармағына сәйкес толтырылады. Осы шетті толтыру кірістер түсімінің негізгі көзін көрсету үшін қ а ж е т .

25 "Заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны" - шеті ұйымдардың (филиалдар және өкілдіктер бұл шетті толтырмайды) нысандар тізбесіне сәйкес т о л т ы р ы л а д ы :

1. Шаруашылық жүргізу құқығына негізделген мемлекеттік кәсіпорын ( Ш Ж М К )

2. Жедел басқару құқығына негізделген мемлекеттік кәсіпорын (қазыналық к ә с і п о р ы н ) ( Қ 3 П )

3. Толық серіктестік (ТЛС)

4. Аралас серіктестік (АРС)

5. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС)

6. Жауапкершілігі қосымша серіктестік (ЖҚС)

7. Акционерлік қоғам (АКҚ)

8. Еншілес шаруашылық серіктестігі (ЕШС)

9. Тәуелді акционерлік қоғам (ТАҚ)

10. Өндірістік кооператив (ӨНК)

11. Мекеме (М Е К )

12. Қоғамдық бірлестік (ҚОҒБ)

13. Тұтыну кооперативі (ТҰК)

14. Қоғамдық қор (ҚОҚ)

15. Діни бірлестік (ДНБ)

16. Ассоциациялар (одақтар) нысанындағы заңды тұлғалардың бірлестігі ( А Н 3 Б )

26 "Меншік түрі" - шеті меншік нысандарының мынадай тізбесіне сәйкес т о л т ы р ы л а д ы :

1. Мемлекеттік меншік (Мемлекеттік)

2. Жеке меншік (Жеке)

Шетінде жақшада тұрғанның мәні толтырылады.

8 "Бас кәсіпорын туралы мәліметтер" - 27 шеті заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерін (филиалдар және өкілдіктер) тіркеген кезде ғана толтырылады.

9 "Құрылтайшы туралы мәліметтер" - 28 шет құрылтайшы болған кезде ғана т о л т ы р ы л а д ы .

10 "Банк туралы мәліметтер" - 29-31 шет тіркеу деректері өзгерген кезде т о л т ы р ы л а д ы .

11 Тіркеу нысаны толтырылғаннан кейін ұйымның басшысы қорлы қояды, ұйымның мөрін немесе мөр таңбасын басады және толтырылған күнді көрсетеді.

12 Шеттерді датасын көрсетіп толтыру: кк аа жж жж

Мысал: 2 мамыр 1998 жыл  
30 желтоқсан 2001 жыл - 30 12 2001.

- 02 05 1998,

№ 3 Қосымша

ВХ-01Ф-98

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің

Салық комитеті

**Жеке тұлғаларға арналған салықтық тіркеу нысаны**

Операцияның түрі:

01. Бастапқы тіркеу \_\_\_\_\_
02. Тіркеу деректерінің өзгеруі \_\_\_\_\_  
Жалпы мәліметтер: \_\_\_\_\_
03. Тегі \_\_\_\_\_
04. Аты \_\_\_\_\_
05. Жөні \_\_\_\_\_
06. Туған күні \_\_\_\_\_  
Төлқұжат деректері:
07. Серия \_\_\_\_\_
08. Нөмірі \_\_\_\_\_
09. Беріл. күні \_\_\_\_\_
10. Кім берген \_\_\_\_\_  
Тұрақты мекен-жайы:
11. Почта индексі \_\_\_\_\_
12. Елі \_\_\_\_\_
13. Мекен-жайы \_\_\_\_\_
- \_\_\_\_\_
- Қазақстан Республикасындағы іс-жүзіндегі мекен-жайы:
14. Почта индексі \_\_\_\_\_
15. Облыс/қала \_\_\_\_\_
16. Қала (аудан) \_\_\_\_\_
17. Ауыл (село) \_\_\_\_\_
18. Көшенің аты (шан.) \_\_\_\_\_
19. Үй нөмірі \_\_\_\_\_ 20. Пәтер нөмірі \_\_\_\_\_
- Қазақстан Республикасындағы байланыс телефоны:
21. Қалааралық код \_\_\_\_\_ 22. Телефон нөмірі \_\_\_\_\_
- Негізгі мекендеген елдегі байланыс телефоны:

23. Қалааралық код \_\_\_\_\_ 24. Телефон нөмірі \_\_\_\_\_  
Кәсіпкерлік қызметтен айналысатын тұлғалар үшін мемлекеттік  
тіркеу туралы мәліметтер:

25. Тіркеуші органның атауы \_\_\_\_\_

26. Мемтіркелімге N енгізілген \_\_\_\_\_

27. Тіркелген күні \_\_\_\_\_

28. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік Серия \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_

29. Қызметтің негізгі түрі: \_\_\_\_\_

30. Ұйымның нысаны \_\_\_\_\_

Салық төлеушінің қолы \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

Қабылдаған: \_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_

(қабылдаған инспектордың аты-жөні)

Күні \_\_\_\_\_

N 4 қосымша

**Жеке тұлғалар үшін N ВХ-01Ф-98 Тіркеу  
нысанын толтыру жөніндегі  
Нұсқама**

Тіркеу нысаны анық әрі дәл толтырылуы тиіс.

Салық төлеуші толтыруға тиісті нысандардың бөлімдері баспа әріптермен қаламмен толтырылуы тиіс. Толтырылуға көзделген әрбір квадраттың шетіне бір цифр немесе бір әріп қойылатындай болуы қажет, бұл ретте сөздер мен цифр топтарының арасында бос кеңістік сақталуы керек.

Егер қажетті ақпарат жоқ болса немесе анық көрсетілмесе, салық органы дұрыс деректерді енгізуге және (немесе) нысандарды қайта толық толтыруға салық төлеушіге қайтарады.

Тіркеу нысанының шеті нөмірленеді. Бұл нысанды толтыру кезінде шетін ретімен нөмірлеуді ұстаған жөн.

1. "Операцияның түрі" - 01-02 шетін толтырған кезде тиісті шетіне "X" қойылуы қажет. Егер салық төлеуші тіркеу нысанын алғаш рет толтырса, операцияның түрі: "Бастапқы тіркеу" көрсетіледі, егер тіркеу деректері өзгерген жағдайда толтырылатын болса, операция: "Тіркеу деректерінің өзгеруі" көрсетіледі. Бұл жағдайда СТТН шетіне жеке тұлғаның СТТН қойылуы қажет.

2. "Жалпы мәліметтер" - 03-06 шеттерінде төлқұжат деректеріне сәйкес жеке тұлғаның тегі, аты-жөні және туған күні толтырылады.

3. "Төлқұжат деректері" - 07-10 шеттерінде төлқұжаттың сериясы, нөмірі, төлқұжат деректеріне сәйкес қашан және кімнің бергені көрсетіледі.

4. "Тұрғылықты тұратын мекен-жайы" - 11-13 шеттерде шетелдік азаматтың

елінің мекен-жайы және қайдан келгені толтырылады.

5. "Қазақстан Республикасында нағыз тұратын мекен-жайы" - 14-20 шеттерінде салық төлеушінің Қазақстан Республикасында тұрып жатқан толық мекен-жайы көрсетіледі.

6. "Қазақстан Республикасында байланыс телефоны" - 21-22 шеттерде халықаралық код және байланыс телефонының нөмірі толтырылады. Қалаларда телефон нөмірі алты мағыналы нөмірлерден тұратындарда бірінші кіші квадратта дефис ("-") қойылады. Мұның өзі телефон жүйелері кеңейетін жағдайларға арналып көзделген. Осыған ұқсас басқа да елді мекендер бойынша телефон нөмірі белгілерінің жалпы саны жеті белгіден тұруы мүмкін деген жерлерде дефистердің осындай саны қойылады.

7. "Негізгі тұрғылықты тұратын елдегі байланыс телефоны" - 23-24 шеттерде халықаралық қол және шетелдік азаматтың келген елінің байланыс телефонының нөмірі толтырылады.

8. "Мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер":  
25-29 шеттерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар толтырады.

30 шетте "Ұйымның нысаны" көрсетіледі және ұйымның нысандары тізбесіне сәйкес толтырылады:

Шаруа (фермер) қожалығы (ШАҚ)  
Жай серіктестік (ЖАС)  
Жеке кәсіпкер (ЖЕК)  
Бірлескен кәсіпкерлік (БРК)

Шетте жақшада тұрған мағынасы, ал сызық бойынша - ұйым нысанының толық атауы толтырылады.

9. Тіркеу нысанын толтырылғаннан кейін салық төлеуші нысанға қол қояды және қол қойған күнін көрсетеді.

10. Шеттерді күнін көрсетіп толтыру: кк аа жж жж  
Мысал: 2 мамыр 1998 жыл - 02 05 1998,  
30 желтоқсан 2001 жыл - 30 12 2001.

№ 5 Қ о с ы м ш а

ВЫХ-01Ю-98

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің салық комитеті

**Салық төлеушінің тіркелуі туралы растама**

**заңды тұлға**

Салық төлеушінің тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_

Ұйымның атауы: \_\_\_\_\_

Салық төлеушінің орналасқан жері (мекен-жайы):

Почта индексі \_\_\_\_\_

Облыс/қала \_\_\_\_\_

Қала (аудан) \_\_\_\_\_

Ауыл (село) \_\_\_\_\_

Көшенің аты (шан) \_\_\_\_\_

Үй нөмірі \_\_\_\_\_ Пәтер нөмірі \_\_\_\_\_

Салық төлеушінің іс жүзіндегі мекен-жайы:

Почта индексі \_\_\_\_\_

Облыс/қала \_\_\_\_\_

Қала (аудан) \_\_\_\_\_

Ауыл (село) \_\_\_\_\_

Көшенің аты(шан) \_\_\_\_\_

Үй нөмірі \_\_\_\_\_ Пәтер нөмірі \_\_\_\_\_

Салық төлеуші туралы мәліметтер:

Басшының аты-жөні \_\_\_\_\_

Қалааралық код \_\_\_\_\_ Телефон нөмірі \_\_\_\_\_

Бас бухгалтердің аты-жөні \_\_\_\_\_

Қалааралық код \_\_\_\_\_ Телефон нөмірі \_\_\_\_\_

Мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер:

Тіркеуші органның атауы \_\_\_\_\_

Мемтіркелімге N енгізілген \_\_\_\_\_

Тіркелген күні \_\_\_\_\_

Салық төлеуші туралы басқа да мәліметтер:

ОКПО б-ша сәйкестендірілген \_\_\_\_\_

нөмірі \_\_\_\_\_

Қызметтің негізгі түрі: ОКЭД коды \_\_\_\_\_

Заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны \_\_\_\_\_

Меншіктің түрі \_\_\_\_\_

Бас кәсіпорын туралы мәлімет:

Атауы \_\_\_\_\_

Бас кәсіпорынның СТТН \_\_\_\_\_

Құрылтайшы туралы мәліметтер:

Атауы (аты-жөні) \_\_\_\_\_

Құрылт-ң СТТН \_\_\_\_\_

Банк туралы мәліметтер:

Атауы \_\_\_\_\_  
Банк коды \_\_\_\_\_ Есеп шоты \_\_\_\_\_

Салық органы туралы мәліметтер:

Салық комитетінің СТТН \_\_\_\_\_  
Аудандық (қалалық) салық комитетінің атауы \_\_\_\_\_

Жергілікті салық комитетінің телефон нөмірі \_\_\_\_\_

(аты-жөні) (қолы)  
МО Инспектор \_\_\_\_\_  
( аты-жөні) (қолы)

Күні \_\_\_\_\_

№ 6 Қ о с ы м ш а

ВЫХ-01Ф-98

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің Салық комитеті

**Салық төлеушінің тіркелуін растау**

**жеке тұлға**

Салық төлеушінің тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_  
Ж а л п ы м ә л і м е т т е р :

Тегі \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Жөні \_\_\_\_\_

Туған жылы \_\_\_\_\_

Т ө л қ ұ ж а т д е р е к т е р і :

Серия \_\_\_\_\_ Нөмірі \_\_\_\_\_ Қашан берілген \_\_\_\_\_

Кім берген \_\_\_\_\_

Т ұ р а қ т ы м е к е н - ж а й ы :

Почта индексі \_\_\_\_\_

Елі \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасындағы іс-жүзіндегі мекен-жайы:

Почта индексі \_\_\_\_\_

Облыс/қала \_\_\_\_\_

Қала (аудан) \_\_\_\_\_

Ауыл (село) \_\_\_\_\_

Көшенің аты (шан) \_\_\_\_\_



Үй нөмірі \_\_\_\_\_ Пәтер нөмірі \_\_\_\_\_  
Қазақстан Республикасындағы байланыс телефоны:  
Қалааралық код \_\_\_\_\_ Телефон нөмірі \_\_\_\_\_  
Елдегі негізгі мекен-жайының байланыс телефоны:  
Қалааралық код \_\_\_\_\_ Телефон нөмірі \_\_\_\_\_  
Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын тұлғалардың  
Мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер:  
Тіркеуші органның атауы \_\_\_\_\_  
Мемтіркелімге N енгізілген \_\_\_\_\_  
Тіркелген күні \_\_\_\_\_  
Мемлекеттік тіркелу туралы куәлік серия \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_  
Қызметтің негізгі түрі \_\_\_\_\_

Ұйымның нысаны \_\_\_\_\_  
Салық органы туралы мәліметтер:  
Салық органының СТТН \_\_\_\_\_  
Аудандық (қалалық) салық комитетінің атауы \_\_\_\_\_  
Жергілікті салық комитетінің телефон нөмірі \_\_\_\_\_  
Салық комитетінің төрағасы \_\_\_\_\_  
(аты-жөні) (қолы)  
МО Инспектор \_\_\_\_\_  
(аты-жөні) (қолы)  
Күні \_\_\_\_\_

Н 7 Қ о с ы м ш а

ВХ-02Ю-98

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің Салық комитеті

**Заңды тұлғаның есептен шығару туралы өтініші**

Салық төлеушінің тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_

Ұйымның атауы \_\_\_\_\_

-----

Есептен шығарудың себептері:  
\_\_\_\_ - Ұйымды қосу (қайта ұйымдастыру)-N ВХ-01Ю-98 тіркеу нысаны қоса  
б е р і л г е н

\_\_\_ - Ұйымды бөлу - N ВХ-01Ю-98 тіркеу нысаны қоса берілген  
\_\_\_ - салық төлеушінің таратылуы, банкротқа ұшырауы  
\_\_\_ - басқа себептер  
Атап көрсету: \_\_\_\_\_

Ұйымның басшысы \_\_\_\_\_  
(аты-жөні) (қолы)

Күні \_\_\_\_\_

МО

Қабылдаған \_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_  
(қабылдаған инспектордың аты-жөні)  
Күні \_\_\_\_\_

№ 8 Қ о с ы м ш а

ВЫХ-02Ю-98

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің Салық комитеті

**Заңды тұлғаның тіркеме есебі туралы нұсқау**

Салық төлеушінің тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_  
Ұ й ы м н ы ң а т а у ы :

Салық комитетінің төрағасы \_\_\_\_\_  
(аты-жөні) (қолы)

МО Инспектор \_\_\_\_\_  
( а т ы - ж ө н і ) ( қ о л ы )

Күні \_\_\_\_\_

№ 9 Қ о с ы м ш а

ВЫХ-02Ф-98

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің Салық комитеті

**Жеке тұлғаның тіркеме есебі туралы нұсқау**

Салық төлеушінің тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_  
Ж а л ы п м ә л і м е т т е р :

Тегі \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Жөні \_\_\_\_\_

Туған жылы \_\_\_\_\_

Т о л қ ұ ж а т д е р е к т е р і :

Серия \_\_\_\_\_ Нөмірі \_\_\_\_\_ Қашан берілген \_\_\_\_\_  
Кім берген \_\_\_\_\_  
Салық комитетінің төрағасы \_\_\_\_\_  
(аты-жөні) (қолы)  
МО Инспектор \_\_\_\_\_  
(аты-жөні) (қолы)  
Күні \_\_\_\_\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК